

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі арасында қаржылық секторды құрылымдық қайта жаңғыртуға арналған займ туралы Келісім жасауға жағдай тудыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 маусымдағы N 747

Қазақстан Республикасының қаржы секторының дамуы мен Займ туралы келісімге қол қоюға әзірлік жөнінде шаралар өткізуге мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылы Қазақстан Республикасының қаржы секторын құрылымдық қайта жаңғырту үшін халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің займын тарту мақұлданын.

2. Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің қаражаты 180 млн. АҚШ доллары сомасында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің депозиттік шотына түсетін болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі бірлесіп осы бағдарламаны Қазақстан Республикасының 1996-1998 жылдарға арналған басым бағдарламалар мен жобалардың тізбесінде ескеретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне банк секторын қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкімен келісілген негізгі элементтерді:

Тұранбанк қызметін сауықтыру;
банктерді жетілдіру мен банктерге, тиісті халықаралық стандарттарға көшу;
Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін
институционалдық дамыту;

проблемалық займдар мен проблемалық банктер жөніндегі іс-қимыл жоспары бойынша жүзеге асыру ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылдың 31 маусымына дейін:

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдаудың мемлекеттік қорына берілген өтелмеген кредиттер проблемасын шешу;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кепілдігіне кредит алған кәсіпорындардың, ұйымдардың берешектері проблемаларын шешу жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлесін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Халықаралық

Қайта жанарту және Даму Банкінің банкроттық туралы Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау мәселесі жөніндегі шарттарын орындауды қамтамасыз етсін.

7. Займды дайындауды және сатуды үйлестіру мен оған бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары